



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№18 (18) 05.02-03.2016

ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!!!!



Оқу ордамызда өз жұмысын уақытылы жалғастырып келе жатқан «ШАБЫТ» журналы – өнер төңірегінде өрбін жатқан өрелі жаңалықтарды өздеріңізге жеткізуге қашан да асық. Болашақ мамандардың қаламынан туған алғашқы ой-пікірлері, мақалалары, естеліктері аталмыш журналда жарық көргені біз үшін өте маңызды. Бұл – алдағы арман-мақсаттарына ұмтылу барысындағы оң бастама екені анық. Осы тұрғыдан келгенде, мүмкіндігінше жаңа есімдерді таныстырып, тың ақпараттармен қауыштырып отырамыз. Бізбен бірге болыңыздар!

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

«Шабьт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор
Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Мұқышева Н. Р. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент
Юсупова А. К. - өнертану ғылымдарының кандидаты
Қадыралиева А. О. - өнертану ғылымдарының магистранты, театртанушы

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы
Редактор көмекшісі: Қымбат Елубаева
Тілшілер: Камила Габдрашитова
Нұрислам Әбділ
Ләззат Алпысбаева
Амина Габдрашитова
Жанат Жайлыбай
Назгүл Ақшалова
Дизайнер: Ахат Азтай
Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77024878400

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМҰНЫ

Т. Бөкеш	4	ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНУ ОРТАЛЫҒЫ – ТҮРКІСТАН
Т. Тайшанов К. Досанова Р. Шарипов	6	УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ
Л. Аллысбаева	12	ДОС – АҒА, АҒА – ДОС
Х. Хасамбой	14	МҰЗБАЛАҚ
А. Қадыралиева	16	«ӨНЕРІМ» ДЕП БЕЗЕК ҚАҚҚАН ЕЛГЕЗЕК ЖАН... ҰМЫТЫЛЫП БАРАДЫ...
А. Бимырзаева	18	ҮЗІК СЫР
Б. Тербаев А. Бимырзаева	19 19	АНАҒА ДЕГЕН САҒЫНЫШ ҒАСЫР
Н. Ақшалава	20	ҚОБЫЗШЫ ҒАТУМА БАЛҒАЕВА
Қ. Елубаева	21	ТЕАТРАНУДЫҢ «ТҮНҒАТАРЫ»
С. Шаймерденова	22	У КАЖДОГО ПОДЛИННОГО МУЗЫКАЛЬНОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ ЕСТЬ ИДЕЯ
Л. Аллысбаева	25	ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КЕЗДЕСУ
Ә. Ақмолда	26	ОҚИ БЕРЕҮІН...
Қ. Ежембек	27	ДОМБЫРА ӘНІ
А. Азтай	28	ART GALLERY

Түркі әлемінің рухани орталығы – Түркістан



Түркістан Шымкент қаласынан солтүстік батысқа қарай 170 шақырым қашықтықта орналасқан. Түркі әлемінің рухани орталығы. V ғасырда іргесі қаланған Орта Азиядағы ең көне шаһарлардың бірі. XIV-XV ғғ. аралығында қазақ хандығының астанасы болған. Ел тағдырын шешетін маңызды шешімдер қабылданған бас қала. Жыл он екі ай туристер арылмайтын Түркістанға әлемнің әр қиырынан келетін жиһангерлер өте көп.

Міне, сәті түсіп біздің де қасиетті топыраққа табанымыз тиді. Мұнда келген саяхатшының басты мақсаты – сәулет өнерінің қайталанбас үлгісі саналатын Қожа Ахмет Яссауи кесенесін көру. Әйгілі Қожа Ахмет Яссауи кесенесі Түркістан қаласының қай бұрышынан да қарасаңыз, «менмін» деп көрініп тұрады. Талайларды тамсандырған тарихи ескерткіштің сырына куә болу үшін, мың рет естігенше бір рет көру керек екен. Осынау алып кесене Әмір Темірдің бұйрығымен 1397-1405 жылы бар жоғы сегіз жылдың ішінде салынған екен. Бұл кесенені салу үшін бүкіл Азияға аты шыққан шеберлер қатысқан көрінеді. Барлық шеберлерді Мәурен Байдолла Садыр деген кісі басқарыпты. Қазір ескерткіш ЮНЕСКО-ның тізіміне іліккен.

Кесененің биіктігі 39 метр, яғни ғимарат он қабатты үймен тең деген сөз. Ал босағасы 41 биіктікке созылған. Мұнда: жамағатхана, қабірхана, мешіт, кітапхана, үлкен және кіші Ақсарай, асхана секілді 35 бөлме бар. Кесене үлкен орталық залға бағытталған. Бұл үлкен жамағатхананы «қазандық бөлмесі» деп те атайды. Өйткені, мұнда алып тайқазан тұр. Екі тонналық тайқазанды 3000 текше метр су сияды екен. Әмір Темірдің әмірімен жасалған алып тайқазан 7 түрлі қоспа нәтижесінде жасалған. Одан ары қабірхана орналасқан. Биік тастан жасалған қабірде Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың сүйегі жатыр. Ахмет Яссауи XII ғасырда өмір сүрген ғұлама. Түркі халқына ортақ ақын, фәлсафашы атақты «Диуани Хикмет» еңбегінің авторы. Қабірхананың есігі қапсырма деп аталады. XIV ғасырда жасалған. Бұл есік атақты қолбасшы Әмір Темірдің алып туының сабымен жабылған. Кезінде сегіз метрлік ағашта жасыл жалауша ілінген екен.

Қазақтың небір ел басқарған көсемдері мен сөз

Қасиетті мекенім

бастаған шешендері, қол бастаған батырлары мен жол бастаған ел ағалары, жақсылары мен жайсандары осы кесеніде жерленген. Солардың бірі: Абылай хан, Бөгембай батыр, Қазыбек би мәйіттері. Жалпы, мұнда жерленген ел ағаларының саны 160-ға жетеді. Олардың есімдері кесенің дәл алдындағы тақтайшаға ойылып жазылған. Елі батырым деп таныған немесе ханым деп ақ киізге отырғызған хандарымыздың, мықты аруғат кісілердің денелерін осы жерге жерлеу Есім ханның тұсында дәстүр болған екен. Оның екі ұлы Жәнібек, Жәңгір хандар да осы жерде жерленген. Кесене жанында 12 ғасырға тән қылует жер асты мешіті орналасқан. Ғимарат кереметінің бірі де осында. Ахмет Яссауи оқшаланған «хар» бөлмесі орналасқан. Кіретін дәлізі ұзын етіп сабаннан жасалған, оның өзі жылы ауа ағымы мен суық ауаның алмасуының дұрыс орындалуына бағытталған. Себебі, жерасты бөлмелердің ауасы тығыз болған.

Жалпы, барлық бөлмелер қазіргі архитекторлардың есептеуінше керемет дәлдікпен жасалған. Әрбір деталь өзіндік сауаттылықпен салынған екен. Ал, Шығыс моншасы әртүрлі қызмет атқарған. Жалпы монша тоғыз бөлмеден тұрады. Моншада төселген тастардың ішінде XVI ғасырға тиесілі бір ғана тас бар. Ол сол кездегі шеберлердің ұшқыр қиялдарын әсем өрнектері арқылы аңғаруға болады. Бұл төрт ғасыр бойы халыққа қалтқысыз қызмет атқарған жалғыз монша. 1975 жылға дейін қызмет атқарған екен. 1979 жылы толық қалпына келтірілді. Монша сол жылдардан бері мұражай ретінде ашылып, өзінің әсемділігімен талайларды таң қалдырып келеді.


Мұнда ат басын бұрған кез келген адам Түркістан қаласынан алпыс метр шақырым жерде орналасқан Отырар жеріндегі Арыстан баб кесенесіне міндетті түрде аялдайды. Арыстан баб Ахмет Яссауидің ұстазы. Кесене, дәлізхана, мешіт, құжынархан секілді бөлмелерден тұрады. Мұндағы ең көне бөлме Арыстан баба жатқан қабірхана. Тілек тілеп келген адамдар алдымен осы Арыстан баб кесенесіне келіп, кейін Яссауи кесенесіне барады. Әмір Темір Қожа Ахмет Яссауи кесенесін жасатып болғанда ертесі керегелері құлап қалатын болған. Кейін түс көріп, түсінде аян берген Арыстан бабаға кесене орнатып, кейін Яссауи кесенесін аяқтатқан екен.

Бұл оңтүстіктің қасиетті мекендерінің жүзден бірі ғана. Сонымен қоса көп ешкім біле бермейтін Бәйдібек бидің әскері мекендеген «Ақмешіт» үңгірі бар. Ішіне он мың әскер сиятын, бір ауылдың жұрты сиятын, тіпті шырақшының сөзіне сенсек кезінде бұл үңгірде көкпар ойнайтын алаң болған екен. Бір ауылдан екінші ауылға баратын жерасты жолдары бар. Ғасырлар бойы сақталған бұл үңгірге табиғат ананың таңғажайып сұлулығына тап боласыздар. Жасыл көк, қара, қоңыр, қызғылт түстердің еркін қимылымен жартастар боялып керемет бейнелерді бейнелеген. Мұнда әртүрлі себептермен толассыз келген қарапайым халық бұл үңгірдің өте қасиетті екенін айтып, тілегендері орындалғанын айтты. Иә, бұл Бәйдібек бидің әскері мекен еткен қасиетті мекен болса, Отырар қаласына қырық бес шақырым жерде Бәйдібек бидің үшінші әйелі «Домалақ ана кесенесі» бар. Алладан бала сұрап, ауру-дертті кетіретін қасиетті мекен деседі. Шырақшы бүгінде бұл Нұрила ананың ақылдылығымен, даналығын келген қонақтарға айтып береді екен.

Түркістаннан бастау алған саяхат осылай Отырар қаласының орны «Отырар төбемен» аяқталды. Тарих сахнасында ойып орын алған мәдениет пен білімнің ошағы Отырар қаласының екіншіке орай орны ғана сақталған. Отырар шұраты – Қазақстан Республикасы археологиясының жауһары. Археологиялық зерттеулерді, консервациялық

шараларды жалғастыру, туристік инфрақұрылымды дамыту шұрат ескерткіштерін Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгізу процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Сол себепті қызығушылық танытып жатқан саяхатшылар өте көп. Ауқымы кең, бірнеше төбені алып жатқан Отырар қаласының орны бүгінде аспан-асты музейіне айналған. Моншасы, ошақ, құдықтарының орындарын көруге болады. Қорытындылай келе, бірнеше күнге созылған саяхат осылай қазақ жерінің рухани байлығы болып саналатын киелі мекендерді көріп, тамсанумен өтті. Еліміздің рухани астанасы – ежелден мұсылман атаулы тәу етіп барып, зиярат қылатын құтты, қасиетті мекенді көру, аттары аңызға айналған адамдардың рухына Құран бағыштау үлкен бақыт. Тек қазақ жерінен ғана емес, көршілес мемлекеттерді қызықтырып отырған мұндай мәдени кешендер қазақ жерінде жетерлік. Оны көріп, түйін қалдыру кез-келген саяхатшының негізгі мақсаттарының бірі.

Толғанай БӨКЕШ,
Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының
«Өнертану» мамандығының 2 курс студенті



Қазақ ұлттық өнер университетінде «Бос орындар жәрмеңкесі» өтті

2016 жылда да, әдеттегідей, Қазақ ұлттық өнер университетінде жыл сайынғы «Бос орындар жәрмеңкесі» онлайн конференциясы ұйымдастырылды.

Бос орындар жәрмеңкесі жыл сайын ұйымдастырылып келеді, сондықтан университетіміз үшін бұл дәстүрлі шара болып табылады. Шараға дайындық барысында жоо көптеген жұмыс берушілерге бос жұмыс орындары көрсетілген ақпарат жолдауына өтініш білдіріп, ақпараттық хаттар жолдады.

Нәтижесінде, еліміздің әр аймағынан барлығы 90 мекемеден мамандар қажеттілігі жөнінде сұраныстар түсті, соның ішінде ауылдық жерлерден де аз емес. Сұраныстарды негізге ала отырып барлығы 265 бос жұмыс орны көрсетілген бос орындар банкі құрылды.

«Бос орындар жәрмеңкесіне» университетіміздің түлектері, Тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Т. Әліпбаев, «Музыка» факультетінің деканы П. Шегебаев, кафедра меңгерушілері, кураторлар қатысты. Шараның алғысөзін практика және жұмыспен қамту бөлімінің жетекшісі

Камила Досанова айтып, кіріспесөзінде елімізде жүзеге асырылып жатқан «Дипломмен ауылға!» бағдарламасымен түлектерді таныстырып ақпараттандырды. Құттықтау сөзін тәрбие ісі жөніндегі проректор Тұрар Әліпбаев айтып, өз сөзінде ол біздің жоо-мен бірге жұмыс жасауға ниет білдіретін жұмыс берушілердің саны жылдан жылға артып келетінін жеткізді. Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет жетекшісі Қымбат Балажанова биыл университетімізді бакалавриаттың 248 түлегі, магистратураның 49 түлегі және колледждің 120 түлегі бітіретінін айтты.



Онлайн режиміндегі диалог еліміздің келесі мемлекеттік мәдени және білім беру мекемелерінің өкілдерімен өтті:

– Ақмола облысы Көкшетау қаласының Ақан сері атындағы мәдениет колледжінің оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары Райхан Баткульдинамен және мамандар бөлімінің меңгерушісі Хамида Казиевамен;

– Ақмола облысы Көкшетау қаласының Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Тілек Сабитовамен;

– Ақмола облысы Көкшетау қаласының Біржан сал атындағы музыкалық колледжінің директоры Саян Мұхамедиярмен;

– Ақмола облысы Жарқайың ауданы Державинск қаласының балалар саз мектебі директорының м.а. Залина Мусинамен;

– Кызылорда облыстық филармониясының оркестр дирижері Кеуілімжай Салтақбайұлымен;

– «Дина Нүрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы» Атырау музыка колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ардақ Нигметовамен;

– Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Мәдениет үйінің директор орынбасары Күләш Қойлақовамен.



Жұмыс берушілер университетіміздің көптеген мамандықтарына қажеттіліктерін айтты, сондай-ақ, олар жұмыс орнында жас мамандарға тұрғын-үй алу және мектептерде қосымша сағат алу мүмкіндіктері ұсынылатыны туралы барынша жаң-жақты ақпарат берді.

Онлайн-әңгімеге қатысуда түлектер белсенділік танытып, сауалдарын қойды. Жәрменкеге қатысушалар тек түлектермен әңгімелесу жүргізін қана қоймай, сонымен қатар ҚазҰӨУ кафедраларының өкілдерімен сөйлесіп, ынтымақтастық жөнінде ұсыныстарды

қарастырды.

ҚазҰӨУ-нде жыл сайын өтетін бос орындар жәрменкесін түлектер үшін лайықты жұмыс орынға ие болуға, ал жұмыс берушілер үшін білікті маманды тандауға зор мүмкіндік беретін шара деп айтуға болады.

Камила ДОСАНОВА,
Практика және жұмыспен қамту бөлімінің жетекшісі, п.ғ.к., доцент

Құттықтаймыз!!!

Биыл Везуль қаласындағы (Франция) XXII Халықаралық кинофестивальдің аудиториясы отыз мыңнан астам көрерменді қамтыды. Бұл кино өнерінің мерекесіне оқу ордамыздағы «Кино және ТД» кафедрасының оқытушысы, режиссер – **Ерлан Нұрмұхамбетовтың** «Жаңғақ тал» туындысы қатысып, екі бірдей жеңісті қанжығасына байлады. Ол: киносыншылар мен қазылар алқасының арнайы сыйлығы. Сыншылар қатары фильмді жеңіл қалжың арқылы ауыл тұрғындарының өмірін әсерлі суреттегені үшін бағаласа, қазылар алқасы фильмдегі саясат пен экономикалық жағдайдың ауыртпашылдығына қарамастан, көрерменіне көтеріңкі көңіл күй сыйлай алғандығын алға тартты. Режиссер Ерлан Нұрмұхамбетов француз жұртшылығына фильмді арнайы өзі таныстырды. Отандық туынды ұсынылған бағдарламаға Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Иран, Түркия, Филиппин елдерінің кинотуындылары да жарысқа түсті.



Везул қаласындағы кинофестиваль Франция елінің ғана емес, Еуропа бойынша тарихы тереңде жатқан ауқымды, деңгейі жоғары кинофестивальдердің бірі. Фестивальде тек Азиялық кино өнерін сүйетін француздардан тыс, Швецария, Люксембург, Германия және Италия елдерінің кинематографистері де бас қосады.

Бұл қос жеңістен бұрын аталмыш кинотуынды Оңтүстік Кореяның Бусан қаласында ұйымдастырылған «А» санатына жататын Халықаралық кинофестивальге қатысып, «Жаңа бағыт» номинациясы бойынша Гран-приді ұтып алып, отандық кинематографияға жаңа жеңіс, жаңа леп сыйлағанын естеріңізге саламыз. Онда да фестивальдің қазылар мүшесі мен сыншылар тарапынан оң бағаға ие болған еді. Фестиваль шеңберінде 90-нан астам фильм көрсетіліп, кинематографистер мен кино сүйер жұртшылық үшін ұмытылмас мереке болды. Қазылар алқасының төрағасы, Оңтүстік



Кореялық режиссер Им Санг-Су бастаған, режиссер Нан Тривени Ахнас (Сингапур), продюсер және актриса Мания Акбари (Тегеран), режиссер Еутана Мукдасаниттин (Тайланд) шешімімен фестиваль қонақтары мен көрермендеріне Қазақстанның атынан арнайы бағдарламаға ұсынылған режиссер Ерлан Нұрмұхамбетовтың «Жаңғақ тал» туындысы жоғары бағаға ие болды.

Бүгінде қазақ кино өнері өркендеп, дамып келе жатқан тұста отандық кинотуындыларды әлемнің түпкір-түпкірінде өтіп жатқан кинофестивальдердің арнайы бағдарламасынан көруге мүмкіндік туып отыр. Мұндай жағдайды көре отырып, кеуденді қуаныш кернейтіні анық. Қазақ кино өнерінің қарыштап дамып, өркендеп өсін келе жатқанына бек қуаныштымыз. Ал біз өз тарапымыздан режиссер Ерлан Нұрмұхамбетовты шын көңілден кезекті жеңісімен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!

Талғат ТАЙШАНОВ,
«Кино және ТД» кафедрасының меңгерушісі

Кітапхана күнделігінен...

Құрметті студенттер, сіздерге университет кітапханасының оқу залында ұйымдастырылып жатқан кітап көрмелері жайында хабарлағымыз келеді. Қазақстанның Халық артисі, әнші, актер және опера театрының режиссері **Кәукен Кенжетәевтың** 100 жылдығына орай «Сахна және кино әлеміндегі жарық жұлдыз» атты кітап көрмесі өтті. Көрмеге актердің «Кинорежиссер Мәжит Бегалин» атты кітабы, Әшірбек Сығайдың «Сахна саңлақтары» кітаптары мен актер жайында жазылған мақалалар жинағы қойылды.

Қазақстанның Халық артисі, әнші **Мүсілім және Ришат Абдулиндердің** туғандарына 100 жыл толуына байланысты «Қазақ операсының қос жұлдызы» деп аталатын кітап көрмесі ұйымдастырылып жатыр. Көрме 2016 жылдың 28-ші наурызынан бастап бір ай көлемінде ашық тұрады. Осы уақыт аралығында көрме сәресінен өнер майталмандары жайлы кітаптарды оқып, етене жақын таныса аласыздар. Көрмеге қойылған кітаптар тізімін бере кететін болсақ: «Опера және балет театры», «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалық, «Шәкен Айманов», ағайынды Абдулиндердің дауысы жазылған аудиожазба, өнер иелері жайлы республикалық баспасөз беттерінде жарияланған естеліктер. Алдағы уақытта сөреге қойылған кітаптар тізімі тағы бірнеше кітаптармен толығатын болады.



История студента... глазами студента.

Репортаж со съёмочной площадки.

В Астане проходят съёмки полнометражного художественного фильма «Украденные сцены».

Картина, снимаемая студентами о студентах, представляет замечательный мастер-класс для учащихся КазНУИ, в стенах которого и проходит 99 % съёмочного процесса. «Наша съёмочная площадка стала местом учебной и производственной практики не только для студентов кафедры «Кино и ТВ», но и других специальностей университета (художники, костюмеры, гримёры, музыканты)... рассказывает Талгат Тайшанов, заведующий кафедры «Кино и ТВ» и оператор-постановщик картины. Снимаем картину на высокопрофессиональной технике ARRI Alexa, которая как и всё техническое оснащение (съёмочное, осветительное оборудование) является собственностью КазНУИ. Я уверен, что подобные проекты – это самый прямой путь формирования будущих профессионалов отечественного кинематографа. Это, безусловно, уникальный проект – уверен Талгат

Тайшанов, Это фильмопроизводство со многими сложными технологическими процессами, которые надо выдержать. Это первый проект полного метра,

Руководят съёмкой фильма – профессионалы с многолетним кинематографическим опытом. Режиссер-постановщик фильма – Ерлан Нурмухамбетов, чья новая картина «Ореховое дерево» была признана в 2015 году лучшей на кинофестивале в Пусане (Корея) в категории «Новые течения», а также получила два приза на Международном кинофестивале во Франции. Оператор-постановщик – Талгат Тайшанов известен по таким художественным фильмам как «Айналайын», «Стрейнджер», «Город мечты», «В ожидании моря». Оба постановщика преподают в Казахском институте искусств на кафедре «Кино и ТВ», которая и стала главной локацией фильма. Продюсером фильма выступает Асель Ержанова, в её портфолио – десятки крупных проектов, среди которых такие как «Аншы бала», «Баксы», «Тюлпан», «Шиза» имевшие успех в мировом кинопрокате. Художник-постановщик – Александра Шегай, среди работ которой кулинарное шоу «Страсти у плиты», канадская драма «Ceremonious», телевизионный сериал «Шыралан».

«Задуманное всегда кажется простым в исполнении. Но для реализации задуманного нужно сделать много и многим. Мы как раз пробуем работу с наездами, с тележкой, с гримом, с костюмом – студентам это очень интересно. Мы хотим, чтобы студенты все попробовали своими руками, и поняли, что создание каждого кадра и сцены – это всегда труд. Для многих это первый шаг в практическую режиссуру» – говорит режиссер-постановщик Ерлан Нурмухамбетов, победитель кинофестиваля «Евразия» («Перед грозой», 2012), обладатель более 30 мировых кино наград.

По словам продюсера Асель Ержановой, данный проект дает возможность студентам закрепить теоретические знания практическими навыками. Фильм снимается совместными усилиями студентов, опытного преподавательского состава, и работников кино, закончивших международные киношколы. «Стоит отметить, что теоретическая подготовка студентов КазНУИ на высоком уровне. Надеюсь, что студенты получают углубленные профессиональные практические умения и навыки в творческо-производственной деятельности в реальных условиях кинопроизводства, которые в будущем помогут им в самореализации».

Наблюдая за работой на площадке, заметно, что все члены съёмочной группы настоящие профессионалы. Несмотря на очень плотный, динамичный график и сжатые сроки съёмочного периода, молодые кинематографисты проявляют недюжинное терпение и работают в полную силу под терпеливым руководством своих постановщиков. Как отмечают преподаватели университета искусств, не каждое учебное заведение решается на подобный опыт, учитывая сложные технологические и финансовые нюансы производства «полного метра».

Напомним, «Украденные сцены» – это фильм, создаваемый преподавателями и студентами кафедры «Кино и ТВ», будущими режиссерами, операторами, звукорежиссёрами КазНУИ. Данный проект реализуется по инициативе и при поддержке ректора КазНУИ, профессора А. К. Мусахаджаевой.

Ринат ШАРИПОВ

Фото: Айдос СУЛЕЙМЕН, Данияр МОЛДАБЕКОВ

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ



Doc – аға, аға – Doc

Әлі есімде... Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында бітіруші түлектердің дипломдық спектакльдеріне қатысқан едік. Спектакль аяқталып, ұстаздарды таныстырып жатты. Бірде кафедрамыздың мұғалімі, аға оқытушының есімін атағанда, студенттердің өзгелерден ерекше ізет білдірін тұрын, қошемет танытып, зор ілтипат көрсетін жатқанын көрін, таң қалғанымыз бар.



Сол құрметке ие жан кім дейсіздер ғой?! Ол – қуыршақ театрында жиырма жылдан астам уақыт қызмет етіп келе жатқан дарынды актер, кафедрамыздың ұстазы ДОСЫМХАН БЕЙСЕНБАЕВ.

Жастайынан артист болуды армандаған оның мектеп бітірген соң ата-анасының «...жағдай келмейді, оқу оқымайтын болдың», – деген бір ауыз сөзі меселіп қайтарғаны рас. Дегенмен, шын таланттар бәрібір жарқ етіп шығатыны ақиқат. Бір күні «Молшылық үшін» аудандық газетін оқып отырған Досымхан «Жас таланттар іздейді» деген байқау жарияланғанын көзі шалады. Содан байқауға қатысып, жолдама альп, Алматыға келеді. Қабылдауда отырған он адамның ішінде Өшірбек Сығайдын: «Алдыңда екі таңдау: «Музыкалық драма актері» және «Қуыршақ театры актері» деген екі мамандық бар, қайсысына барғың келеді?», – деген сұраққа ол: «Білмеймін, әртіс болсам болды» – деп жауап қайтарған-ды. Төрешілер: «Сонда да біреуін таңдауың керек» дегенде, жанына жақын «Қуыршақ театрының актері» мамандығын таңдап, 1991-1995 жылдар аралығында Алматыдағы Т. Жүргенев атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында алғаш ұстаздары Нұрғазы Намазбековтен, кейін Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Халықтар достығы, Құрмет орденінің иегері, профессор Қ.Х. Ешмұратова мен профессор Н.С. Колесниковадан тәлім алады.

Өмірінде қуыршақ ұстап көрмеген студент Досымхан алғаш қолына қарғаны алып ойнатқан-ды. Содан бері әлі күнге дейін қуыршаққа ғашық. Бірде «Қ. Халжетқызының қуыршақпен айналысқан адам өзі де көңілді баладай болып кетеді» – деген еді. Сол сөзімен шынымен де келісеміз. Себебі, қуыршақ актері тек өзіне ғана емес, қуыршаққа да жан бітіруі керек. Ал оның оңай дүние еместігі түсінікті жайт.

Оқуды тәмамдаған соң ол Алматыдағы қуыршақ театрында 1995-2007 жылдар аралығында жұмыс істейді. Бір қызығы, демалыс болса да дүйсенбі күні, үйде тағат тауып отыра алмаған актер, балаларын жетектеп, театрға баратын. Вахтер, күзетшіден басқа ешкім болмаса да, өзі қуыршақтарымен тілдесіп, жұмыс жасайтын. Шын өнерге сенім артып, театрды шын сүйе білу деп осыны айт. Өзінің бар жан-тәнімен беріле еңбектенген адам ғана қызметінің жемісін көреді. Сонымен, 2007 жылы ұстазы Құралай Халжетқызы Астанада қуыршақ театрының ашылатынын айтып, қызметке шақырады. Алматыға үйреніп қалған, жанұясы бар актер: «Ол жаққа барғанмен, үйреніп кете алар ма екем, бірақ баспана болса, келісем» – деп жауап береді. Сонда қуыршақ театрының анасы өзінен бұрын шәкіртінің жағдайын жасауға тырысып, баспана жағын шешіп бергенді. Бұл да болса, шәкірт-ұстаз арасындағы сыйластық, өнерге деген жанашырлық деп түсінемін. Астанаға келгенмен, театрға бірден ғимарат берілмегенін, қиындық көргендерін сол жолда көп еңбектенгендерін өткен жолы қуыршақ театрында болып өткен шеберлік сыныбында естіген едік. Қазірде театрдың беделді де белді актерлерінің бірі Досымхан Бейсенбаевтің театрда және біздің оқу орнымызда еткен еңбегі елжулі.

Бірде «Ес-Аймақ» студенттердің мәдени-танымдық пікір-алысу бірлестігіне Құралай Халжетқызын шақырған едік. Сөз соңында Досымхан ағай сөз сөйледі. Сөйлегенде, көзіне жас

келіп қалғанын байқап қалдым. Сонда, оның себебі бір жыл бұрын дүниеден өткен театр сыншысы Әшірбек Төребайұлының есімінің аталғанына көңілі босап, сол кісіні еске алғанынан екен. Бұл – оның таза жанының, ақ көңілділігінің дәлелі. Оның еске алатындай жөні бар, себебі Досымхан Бейсенбаев: «Менің театр өнерінде бағымның жануына бірден бір себеп болған – сын сардары Әшірбек Төребайұлы», – деп еске алады. 2000 жылы Павлодар қаласындағы Иса Байзақовтың туған күніне 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған ІХ Республикалық театр фестивалінде Алматы қуыршақ театры Д. Исабековтің «Құрманғазы» қойылымын дайындады. Аталмыш қойылымның режиссері – Сұлтанғали Шүкіров. Досымхан ағай «Құрманғазы» пьесасында жоқ кейіпкер, Құрманғазыны желеп-жебеп жүрген бақсыны сомдаған. Көрсетілім біткен соң, Әшірбек Сығай: «Сұлтеке, спектакльдің пластикалық шешімі жақсы екен, әдемі қойылған. Басқа геройларыңды қайдам, ана бақсының, шаманның ролінде жүрген баланың ойыны маған өте ұнады. Сөз саптауы қандай тамаша, энергиясы, бастан аяқ бір темппен, өте жақсы ойнады. Сен сол баланы сақта. Ол ертен сенің қуыршақ театрына керек болады», – деп пікір айтты. Ешкім елемей жүрген, еңбегін бағаламай жүрген актерге осы сөздер театрға деген махаббатын одан ары жалындата түсіріп, жатпай-тұрмай еңбектенуіне де рух бергенді. Осы пікірден соң труппа да, ұжым да оған сенім артып, бағалай бастаған. Мінеки, бағының жануына театр сыншысының пікірі осылай әсер еткенін актер ет жүрегі елжірей есіне алды.

Ал, мінезіне келетін болсақ, сырт көзге сұсты көрінетін актердің жан-дүниесі өте нәзік әрі сезімтал екенін екіншісі бірі байқай бермейді. Өз ортасына сыйлы жанды кішісі болсын, үлкені болсын әрдайым құрмет тұтып, өзімсініп «Дос ағай» деп атап кеткен. Әрдайым өз ісіне тиянақты, кафедра жұмысына белсене араласып, қашан көрсем де безек қағып жүгіріп жүргені. Адамгершілігі мол жан айналасындағының бәріне әрқашан көмекке ұмтылып, қолынан келгенше қол ұшын созып жүреді. Ұйымдастырушылық қабілетіне ризамын. Барлық студенттерді жинап, қажет шараларды бастап жүретін еңбекқорлығы мен іскерлігіне тәнтімін. Кез келген жақынына дос та, аға да бола білетін Досымхан ағай ештеңеге мойымай, тек алдыға ғана қадам басып келеді. Өмірде де өнерде де Дос ағай қолдаушысының бірі – отбасы, екіншісі – «анам» деп атап кеткен Құралай Халекетқызы деп біледі. Қиын-қыстау кез болсын, қандай жағдай болмасын, ол – өмірмен күресуді үйренген жан.

Сонымен қоса, 2015 жылдың жазында Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, профессор Құралай Ешмұратова атындағы І Халықаралық «Құралай» қуыршақ театрлар фестивалінің өту барысында еткен еңбегін айтпай кетпей болмас. Фестивальдің басы-қасында жүріп, әр елден келген қонақтарды күтіп алу, шығарып салуды былай қойғанда, фестивальге дайындаған С. Жүнісовтің «Аманай мен Заманай» повесінің желісі бойынша жазылған «Атамекен» (режиссері Қ. Ешмұратова, суретшісі Ш. Еләмбаева) қойылымында «Садыр ата» тростты қуыршағына жан бітіріп, шеберлігін байқатты.

Досымхан Бейсенбаев: «Қуыршақ – менің өнерім, қуыршақ – менің өмірім», – дейді әр кезде. Сол өміріндегі басты рөл атқаратын қуыршағына ол қашан да адал «Театрға деген махаббат қуыршақтан басталады» – деген еді ол бір сұхбатында. Педагог Досымхан әрқашан шәкірттеріне театрға ғашық болу керектігін айтады. Өнерді, театрды шын сүйген жан ғана оның құдіретін түсіне алады. Дос ағайдың өнеріне шын берік, шын ғашық екеніне менің күмәнім жоқ. Мен әлі де Дос ағайдың қуыршақ театрына аты алтын әріппен жазылатынына, қуыршақтарға жан бітіріп және еңбекқор шәкірттерді тәрбиелеп шығаратынына сенімім мол!

Музбалақ

«Алло, Каха, ол жеңді!» – деп қолын көтергенде, анам теледидарға «Шашу!» деп қуанғаннан бауырсақ шашып жіберді», «Алло, Хакім бауырым, ақ сарыбас, жеңіс құтты болсын!», «Ол жеңді, қашан жуамыз?», «Міне, жігіт! Алла жар болсын, қуаныштымын!» тағы сол сяқты көптеген қоңыраулар мен хаттар алыс жақын араласатын өнердегі достарымнан қарша борады десем артық айтқаным емес. Бір ауылдан түлеп ұшқанымызды білетіндіктен ғой, мені де ұмыт қалдырмай құттықтап жатыр. Иә, тамаша, жарайсың Музбалағым, мен сенімен мақтанамын деп қайталай беріппін әр қоңыраудан кейін, себебі бұл тамаша жеңіс болды, әділ жеңіс болды. Иә, мен тілге тиек етіп отырған азаматты сіздер де танысыздар, ол жақында ғана біріңіз «Сарыбас», ал біріңіз «Алтын бас» деп атап кеткен



ҚАЗАҚСТАН ДАУЫСЫ байқауының 2015-ші жылғы жеңімпазы – **Мұратбек Хайролда.**

Ол 1990 жылы шілде айының 28 күні Монғолия Республикасы Баян-Өлгей қаласында дүниеге келген. 1992 жылы не бәрі екі жасында отбасы, ағайын-туысымен ата мекеніне қоныс аударып, Ақмола облысы, Степногорск ауылына табан тіреген. Отбасының тұнғышы. Әкесі Хайролда мен анасы Мапиза екеуі де жоғарғы оқу орнын тәмамдаған, мектептің аға оқытушысы, ауылдың беделді де сыйлы адамдары. Бүгінде ұлағатты ұстаздар. Мұратбек осынау ауылда мектеп табалдырығын аттап, №1 орта мектепте білім алып оқуын үздікке аяқтаған. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ аудандық, облыстық, республикалық дәрежеде өткен байқауларда сан рет топ жарып, «Әнші балапан», «Абай оқулары», «Мұқағали оқулары» сынды байқауларда талай рет қанжығасы майланып ұстаздардың көзіне түсіп, ауыл ақсақалдарының батасын алып өскен азамат. Осылайша, Мұратбектің бойындағы таланты өзінің ырқына бағындырып, өнер жолына қарай жетелей түсті. 2009 жылы Көкшетау қаласындағы Біржан сал атындағы колледжге оқуға түсіп, 2010 жылы Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына ауысып, 2013 жылы академияны ойдағыдай тәмамдап, осы оқу орынының университетіне жоғарлатып оқуға түседі. Бүгінде сол Қазақ ұлттық өнер университетінің үшінші курс студенті.



Иә, ештеңе оңайлықпен келмейді. Осыншама жыл дәріс алып, ізденгеннің арқасында Мұратбек көптеген байқауларда алдына жан салмай, жеңіс тұғырынан көріне білді. «Жарысқа түспей, бәйге алма...» деп хакім Абай айтқандай ол әр бір жарыстан өзінше ғибрат ала білді. Бір байқауда жеңіс тұғырына көтеріле алмаса, екінші жарысқа өз-өзін қамшылап міндетті түрде жеңімпаз болуға тырысып бақты. Жас болса да, бүгінгі таңда жеткен жеңістерінің тізіміне қарасаңыз көзіңіз сүрінеді:



- 2010 жылы Республикалық Дельфийлік ойындар байқауының I орын иегері;
- 2011 жылы Республикалық «Жас қанат» байқауының арнайы диплом иегері;
- 2011 жылы Украинада өткен Халықаралық «Криштелаві грона» байқауының бас жүлдегері;
- 2011 жылы Халықаралық «Шабыт» фестивалінде I орын иегері;
- 2012 жылы Түркияда өткен Халықаралық «Shining star» байқауының I орын иегері;
- 2012 жылы Украинада өткен Халықаралық «Молода галичина» байқауының бас жүлдегері;
- 2012 жылы Республикалық К. Дүйсекеев атындағы «Туған жер» ән байқауында II орын иегері;
- 2014 жылы «Менің Қазақстаным» Ш.Қалдаяқов атындағы байқаудың I орын иегері.

Бұл жеңістер тізбектеліп келіп, 2015 жылғы Қазақстан дауысы байқауының жеңімпазы болғаныммен аяқталады. Мен білетін Мұзбалақ Мұратбек екені рас болса, бұл тек ол үшін белестер ғана, ал бағындыратын биіктер әлі алда. Адам баласы алдымен биік мақсат қоя білу керек және сол жолда жан кештілікпен тер төгуі абзал.

Көз адамның айнасы емес пе?! Мен Мұратбектің аспан түстес көзінен терең түңғиықты, аласармас арманды, табандылықпен талант бір сөзбен қырағы от байқағандай боламын. Кешегі Ермек Серкебаевтың, бүгінгі Нұрғали Нүсіпжанов ағаларының сүрлеу жолын жалғай отырып, жаңаша жаңалықтарымен көпшіліктің көңілінен шыға алатынына көміл сенеміз.

Кеудесіндегі жұдырықтай жүрегі «елім» деп дүрсілдейтін, кішілігін айтпағанда, адамдығы бір төбе, бойынан қазақылықтың исі аңқыған, талантымен таң қалдыра алатын азаматтарға қазақ сахнасының есігі айқара ашық. «Бұрын дауысы барлар ән айтса, қазір аузы барлар ән айтады» – деп Бекболат Тілеухан ағамыз айтқандай, жерде өздерін жарқыраған жұлдыз санайтындар көбейген заманда қазақ эстрадасына шынайы үнімен шырқайтын талаттар қосылса нұр үстіне нұр болары хақ.

Мұзбалақ тек қана құзар шында қалықтап биікті мекен ететіні белгілі емес пе?! Мен білетін Мұзбалақ Мұратбекте халқының қошеметіне бөленіп, өнердің қияр шынында қалықтауы тиіс. Өнерін өрге жетелеп, тауың шағылмасын жас талант. Алла жар болғай. Әмин!!

Хакім ХАСАМБАЙ,
«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

«Өнерім» деп безек қаққан елгезек жан...



Актерлік өнерге көз жүгірте бастасам болды, бірден талантты актер Кененбай Қожабеков еске оралады. Мүмкін тән азабына қарамастан елінің зор жеңістеріне қауана білген оның оқшау тұрар адамшылығы, таптырмас төзімділігі, рухани күш-қуаты шығар менің есіме себепсіз түсе беретіні.

Актер Кененбайды көре алмасам да, түскен фильмдері арқылы жақсы таныдым. «Аласталған Алитеттегі» Аз, «Біз Жетісуданбыздағы» Нартай, «Шабандоз қыздағы» Айдар, «Менің атым Қожадағы» Рахманов ағай, «Қасқырлар апанындағы» Бабахан, одан басқа да біраз фильмдерге түсіп, ондағы дара кейіпкерлерімен тарих беттеріне таңбаланып қалды. Ғ. Мүсірепов атындағы жастар мен балалар театрынан М. Әуезов атындағы драма театрына ауысқалы жатқанда қатал тағдыр оны темір арбаға аяусыз таңып қойды. Небәрі отыз бір жаста. Құдай-ау, адамның ілгерілеу кезеңі осы жастан басталмай ма? Осындай талантты адамның қара терге түсіп жұмыс істейтін тұста темір тұғырының ебедейсіз дөңгелектеріне тәуелді болып қалғаны қандай өкінішті. Басқа түскен тауықметтен Шоқанды, Хлестаковты, Гамлетті сахнаға шығарамын деп жүрген жоспарының күлталқаны шықты. Құнанбайдың бейнесінде көрінемін деп күн санап жүрген түпкі ойы да өксік отына оранды. Осылайша бар асыл арманы темір арбаның үстінде арман күйінде қала берді. Отыздан енді асқан Қожабеков бұл ауыр сынақты отыз жылдан аса көтерді. Сол аралықта кісенделген нәпсінің қалай шырылдағаны өзіне ғана аян болғаны мәлім. Яғни, «өнерім» деп безек

қаққан елгезек жан үшін отыз жыл аза уақыт емес. Азапты уақыт. Театр сахнасынан тыс қалу, өнер иелеріне ауыр соққы болып тиеріне ешкімнің күмәні болмасын. Жаратушының жазғанына көніккен Кененбай артық-ауыс айтылған сөздерден, ту сыртынан қадалған оқтардан, опасыздықтардан қорықпады, оған мойымады. Ол одан да асып түсетін, адамның сағын сындыратын – елемеушілік деп ұқты. Расында да, адамзат қоғамындағы барлық аярлық, сатқындық, ұсақтық осы бір елемеушілікке кірерін ескермеппіз. Бірақ, ардақты тұлғаның жанында жанашыр достары Ш. Айманов, С. Қожықов, А. Қарсақбаевтар болды. Жұрттың көз алдында жүрген Қожабековты халықтың қошеметіне қол үздірген жоқ. Сүйсіндіртті, қол соқтырды. Әр фильмге түсу оның жағдайында арпалысқа толы болса да, көрерменді күйіндірген жері болмады. Достарының ықыласы мен қамқорлығы оны қанаттандырып отырды. Қамықтыруға жол бермеді.



Біз беймақ, көбінде денсаулықтың, уақыттың қадірін түсіне бермейміз. Тасқа ұрынған аяқтың барына тәубе етпей, сүрінін кеткеніміз үшін шала бүлінін, шүкіршілігімізді ұмытып кетіп жатамыз. Кейде жеке басының болмашы сәтсіздіктеріне налып, шаладай бықсып жүретіндер жетерлік. Ондайларың мына өмірден түңіліп, баз кешіп кеткісі бар. Осыған байланысты Кененбай «Егер де менде солардың денсаулығы, мына кең дүниені алпандап басып жүретін мүмкіндігі болса не істер едім? Мен жөй жүрмес едім, мен оқша зымырар едім, ешкім тоқтата алмас еді. Мүмкін Москваға қарай күстай ұшқан поездың тұтқасынан ұстап, жүтірген болар ма едім. Москваға тіке кочегарқаға кірер едім де пештің көмейіне тойғанынша көмірден

асатар едім. Мен әбден құмарым қанғанша жұмыстан кетпес едім, мазасыз адамға айналар едім...» деп шерін жеткізген болатын. Шығармашылық қабілетін сарқа жұмсауға шексіз мүмкіндігі бола тұра саяхатшылық таныту қылмыспен тең екенін, марқұмның осы тобықтай сөзінен ой түюге болады.

Ұмыттымын барады...

Қазақ кино өнерінде есімі аса құрметпен аталатын әйгілі Ш. Аймановтың режиссурасымен дүниеге келген «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште», «Алдар көсе» атты комедиялық фильмдері бүгін де өміршен, бүгін де жасампаз.

Ш. Хұсайынов жазған сценарийі бойынша 1964 жылы режиссер Ш. Айманов түсірген «Алдар көсе» көркем фильмінде М. Әуезов театрының актері Рахметолла Сәлменов Жуанбайдың рөлімен көрінген. Ол әрбір көрерменнің көкейінде қаттаулы, жүрегінде сақтаулы. Шөкен-Алдар орамалға түйілген сақинаны беріп оңбай алданған тұсы өте қызғылықты. Бай бола тұра титтей де арамдығы жоқ, аңғал жанға қайран қаласын. Хас сұлумен бір көрісу жолында Алдардың сөзіне имандай сенген әлгі Бай оның соңынан ілесіп кете береді. Байдың образы толық қанды ашыла түскен. Актер деже бітімінің аса толықтығы да күлкілі. Артық салмақтың кесірінен шарбақтан ары аттап өте алмай еңтігіп, өбден әбігерге түскен шарасыз жанның халі мүлдем аянышты. Май басқан ауыр дежесін қымтаған ебедейсіз киімдері де кедергі жасаған соң үстіндегі шұбатылған шапанын, бұтындағы тері шалбарын шешіп, іш-киімімен Алдардың жон арқасына артылып, өрен дегенде дуалдың арғы жағына қарай допша домалайды. Бар арманы сол сұлу келіншекпен қауышып, оны құшағына алу. Тек, сезім рахатын ғана қаперінде ұстаған аңғал бай Алдардан алданғанын, итке таланып, ел-жұртқа масқара болғанда ғана барып түсінеді.

Еңбекқор актер осы шағын ғана эпизодтық рөлін өзінің күлкілі түр-сипатымен, қопал сөйлеу мәнерімен, аңқау жүріс-тұрысымен комедиялық тегершіктерді дәл тауып, өз көрермендерін риясыз сендіре алды. Сәлменов экраннан көрінгенде көрермен барынша рақатқа батқандай болады. Актер ел-жұрттың ішкі жан дүниесіне нұр құю үшін, шығармашылық шабытын шалқыта түсетін. Иә, Сәлменов режиссер қойып берген дайын дүниені жүзеге асырар құлтемірге айналмау үшін, өз бетінше ой қорытып, өзіндік көзқарасын қалыптастырар алғыр актерлердің санатында болды. Жай ғана эпизодтық өткінші рөл ғой деп, көзді жұмып қарамай, өзіне ұсынылған талапқа үлкен жауапкершілікпен қарады. Шағын ғана көріністердің өзінде актерлік шеберлігімен ерекшеленіп, оны шегелеп бекіте түсуге серпінді әрекет жасады. Себебі ол сахнадан я экраннан орын тепкен әрбір үлкен-кішілі образдар білікті мамансыз ілгері баспайтынын терең түсінді.



Айзат ҚАДЫРАЛИЕВА,
театртанушы

Үзік сыр

Ә, дегенше болған жоқ, бір түнгі көрген түстей мектеп қабырғасындағы 11 жыл өміріміз көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Енді міне, аяулы алтын ұямның өзім елмеген әрбір бұрышы мен әрбір қабырғасы жүрегіме ерекше ыстық. Аппақ жүректі бүлдіршін болып аттаған табалдырықтан болашаққа қанат қаққан көгершіндей ұшып кетіп барамыз. Ал парасатты да өнегелі, ақылдарына көркі сай мұғалімдерімізбен қоштасқымыз келмейді. Әрине, төрт қабырғаның ішінде қалған қызығымыз да, шыжығымыз да, ұрыс-керісімізбен дау-дамайлар, бірде күліп, бірде жылаған көңіл-күйлерімізді еске алып көзімізге еріксіз жас келеді.

Міне, енді мектеп өмірімен қоштасып, «соқтықпалы, соқпақсыз» жаққа қарай бет бұрғалы тұрмын. Мектеп – кеме, білім – теңіз дейді ұстаздарымыздың қай-қайсы болмасын, ертеніме аттанбас бұрын өткен күндерімнің елеулісін еске алғанды жөн көрдім.

Есімде бала-бақшада жүргенімде-ақ қағаздан кеме жасап, арықтағы суға жіберіп жүздіретін едім. Әрине, бұл балалық шақтағы балғын қиялымдағы ақ кемем еді. Содан екі-үш жыл өте мектеп табалдырығын аттадым. Сондағы ең алғашқы күміс қонырау сынғыры маған: «Қош келдің, қадамың құтты болсын! Мен саған үлкен ақ желкенді кеме жасасуға септігімді тигіземін, әзірге қайықтан бастайық» – деп өз бауырына бүйрегімді бұрып әкете барды. Содан бір жыл көлемінде қайықты салмас бұрын шегелерін, тақтайын дайындадық. Одан кейінгі өткен үш жыл ішінде қайықпен қалай жүзу керектігін, қай жағымыз сол жақ, қай жағымыз оң жақ екенін үйретті жаны жайдары келген жазира көңілді жетекшіміз. Сонымен төрт жыл өткенде әлгі жетекшіміз әр саладағы мамандарға бізді тапсырып шығарып салды. Содан сол мамандармен бірге арманымдағы ақ кемемді салып аяқтауға асықтым. Олардың бірі кемені қалай басқару керек, соның тілін үйретті, енді бірі ойлау қабілетімді арттырып барар бағытыңды есеппен жаса деді, тағы бірі көп еңбекпен берік салынған кеме ұзақ жүзе алады деді.

Міне, кішкентай қайықтан бастадым, бірақ оның алда күтіп тұрған толағай теңіздің толқынына шыдамасын білдім. Бүгінде сол қайығым Ақ желкенді үлкен кемеге айналды. Әрине, бұған он бір жыл уақыт кетіпті.

Бұл мені өмірге алып келген ата-анамның әрқашанда демеу болып, жол сілтеген құрметті ұстаздарымның әлі алдағы жол айрықта кездесетін, керек болса көмек қолдарын созатын достарымның арқасы.

Айтушы еді, есінде мәңгі қалатын бұл ең алғашқы қонырау мен ең соңғы қонырау үні деп, бұл рас екен.

Менің қуанышымды бөліскен табиғатпен сырласып тұрғанымда шыр етті. Әне, бұл менің күміс қонырауымның сынғыры. Әдеттегіден ұзағырақ сынғыр қақты. Ол маған: «...қане, жас түлек алға тарт, өне, ақ желкенді кемен сені күтіп тұр. Талай мұхиттарға шебер жүзе біл, тек алдағы он, жиырма, тіпті, отыз жылдықтарға келіп, еске алып қуантып тұрсаң да болады. Мен әрқашан да осындамын, сапарың ұзағынан болсын айналайын!» – деп, мені шығарып салып тұрғандай.



Айкерім БИМЫРЗАЕВА,
«Қазақ ҰӘУ Қорқыт атындағы ҒЗИ» РММ ғылыми қызметкері

Анаға деген сағыныш

Анашым сағындым иісінді,
Сағынумен жалғадым күн мен түнді.
Анашым сағындым иісінді,
Иісінді іздеп сүйдім киімінді.

Анашым сағындым иісінді,
Елестетем көзіме кей ісінді.
Сен қасымда өлі де жүргендейсің,
Бұл ғажайып менің бір түсім сынды.

Анашым сағындым иісінді,
Сағындым кіршіксіз пәк көзіңді.
Анашым мен сенің сағынамын,
«Айналайын балам» деген ақ сөзіңді.

Анашым сағындым иісінді,
Иісің маған бақыт өрі мұңлы.
Бақытым – сен деп өткен өрбір күнім,
Мұңлысы – сенсіз енді қарсы алам өрбір жылды.

Анашым сағындым иісінді,
Сені ойласам жоғалтам бар есімді.
Екі ән жазсам біреуі сен туралы,
Анашым бітпейтін күйім сынды.

Бақытжан ТӨРЕБАЕВ

Жаңа ғасыр

Ғасыр өтіп барады, ғасыр өтіп,
Дариядай көктемгі тасып өтіп,
Жылдар қашты даланың киігіндей,
Соңына көз моншағын шашып өтіп.

Тізіп алып өмірдің өткендерін,
Айтарым көп осынау адамзатқа,
Қуанышпен қарсы алған өмірлерін
Ғасырлар мен ғасырлар тоғысқанда.

Асау толқын төлқиды тілегімнен
Лапылдаған алаудай өлеңменен.
Қалықтайды арманым жүрегімнен
Ғасырым да жүрек жарған өуенменен.

Көңіл сазы әлдилеп тербетеді,
Таңғы шықтың өдемі сазыменен.
Ғашықтарша ғасырға сыр шертеді,
Ақын қызың қаламның назыменен.

Қарсы алам жаңа ғасыр, жаңа заман,
Кел, төрлет болашаққа, тым жасқанба,
Жаңа өмір алдында болып аман,
Болашағым – нық басып, паң асқақта!

Айкерім БИМЫРЗАЕВА,
«Қазақ ҰӘУ Қорқыт атындағы ҒЗИ» РММ
ғылыми қызметкері

Қобызшы Фатима Балғаева



Қобызға арналған шығармалардың ең алғашқы шебер орындаушысы, ұлағатты ұстаз – Фатима Жұмағұлқызы Балғаева. Қазақ ұлттық өнер университетінде танымал ұстаздың 90 жылдығына орай арнайы іс-шаралар жоғары деңгейде аталып өтті.

Прима қобыз аспабын алған сахнаға алып шығып, тұсауын кескен Фатима Балғаева орындаушылық мектебін қалыптастыруда атқарған еңбегі ұшаң-теңіз. Фатима Балғаеваның ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік еңбектерінің мәні зор. Қобызда ойнау мен үйренудің әдістемелік құралдарын және оқулықтарын дайындады. Құрамына айрықша шығармалар енгізілген жинақтары, жоғары оқу орындары мен училищелерде күнделікті қажетті оқу құралдарына айналды. Фатима Балғаева Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Академиялық оркестрде жиырма екі жылдан астам уақыт талмай еңбек еткен.

Алматы Мемлекеттік консерваториясында «Қобыз-баян» кафедрасын басқарып, жүзден астам қобызшы жастарды тәрбиелеп шығарды. Фатима Балғаеваның шәкірттері бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етуде.

КСРО Халық артисі, профессордың 90 жылдық мерейтойы аясында, I Солтүстік аймақтық конкурстың ашылу салтанатты кеші ҚазҰӨУ үлкен залында өтті. «Дара жол» атты бағдарламада Ф.Балғаеваның репертуарынан шығармалар орындалып, университетіміздің ұлағатты ұстаздары мен талантты студенттері өнер көрсетті.

Сонымен қатар, ҚР Білім беру ісінің үздігі, орындаушы Фатима Балғаеваның 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Он бір мемлекеттен дүние жүзіне танымал музыка өнерін зерттеушілер, ғалымдар мақалаларын жіберді. Қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталып, оқу ордамыздың кітапхана бөлімі осы конференцияға арнап, кітап және нота жинақтар көрмесін жасады.

Фатима Жұмағұлқызы Балғаева атындағы I солтүстік аймақтық конкурстың марапаттау рәсімінде Қазақстанның Еңбек Ері, профессор Р.Қ. Мұсақожаева, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «Қобыз-баян» кафедрасының доценті Ш.З. Рауандина, Мәдениет министірлігі білім саласының үздігі, Қарағанды қаласының мамандандырылған музыка мектеп - интернатының «Халық аспаптар бөлімінің» оқытушысы Қ.Қ. Кағенова, ҚР білім беру ісінің үздігі, А. Жұбанов атындағы мамандандырылған музыка мектеп-интернатының «Халық аспаптар бөлімінің» оқытушысы Т.Ж. Карибаев, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚазҰӨУ-нің «Қобыз және ОХА» кафедрасының менгерушісі, доцент С.Қ. Құсаинова, «Қазақ халқының 550 жылдығының» төс белгісінің иегері, халықаралық байқаулардың лауреаты Алмат Сайжан қазылар алқасының мүшесі болды.

Жеңімпаздар реті төмендегідей:

Гран при иегері – Шолпан Өтебаева;

I орын (кылқобыз номинациясы бойынша) – Шолпан Шарапатава;

I орын (прима-қобыз номинациясы бойынша) – Айдана Амангелдиноваға берілді.

II орын (прима-қобыз номинациясы бойынша) – Маржан Маханова;

II орын (кыл қобыз номинациясы бойынша) – Әлихан Рахметке ұсынылды;

III орын (прима-қобыз номинациясы бойынша) – Сая Тұрсынбекова;

III орын (кыл қобыз номинациясы бойынша) – Айғанша Ақыжанға ұсынылды.

Жыл сайын өтетін жоғары деңгейдегі байқаулар жалғасын тауып, жас дарындар шеберліктерін шындай берсін.

Назгүл АҚШАЛӨВА,

«Кинотану» мамандығының 2 курс студенті

Театртанудың «Түнқатары»

Әр айдың соңына қарай 238 аудиторияда «Ес-аймақ» мәдени-танымдық бірлестігінің кезекті саны басталады. Басталмас бұрын көрші кабинетте Түнқатарша уайымдап, іші қызып, аласұрып жүрген еді. Енді, міне, сонша студент пен ұстаздың алдында тік тұрып, бірдей қоғам қайраткерімен сұхбат жүргізін отыр. Түнқатар дегенге түсінбей отырған боларсыздар... Әкім аға Таразидің «Қорқау жұлдыз» романындағы Түнқатар деген ұстаз бар екендігін құлағыңыз шалмап па еді? Естіген болсаңыз, мен Мирасты сол мұғалімге балаймын. Әкім аға демекші, магистрант Әбілұлы осы ұлағатты Ұртайұлының шеберханасынан тәлім алып жүрген жайы бар. Көзі тірісінде ұстазы Әшірбек Сығай тізгінін сеніп тапсырған «Ес-аймақты» арқалап келеді. Жеңіл жүк емес. «Аманатқа қиянат жасауға болмайды» деген оймен ол жүкті ауырсынып жүрген бұл жок. Өнерге баулыған Әш-ағасын жүрегінен бір сәтке де шығарған емес. Әркез санасында, жүрегінде... Ұлағатты ұстазы туралы естелікті ести қалғанда жанары жасқа толып қалғанын байқағанда, ақын жүрегінің қаншалықты нәзік болатынын ұққандай күйде қаламын. «О менің Әшірбек Сығай ағам, Сығай ағам, өнерде Сығай анам» дей жөнелгенде дөңемді тоқ соққандай күнге өземін. Көзі тірісінде «Мих» деп еркелеткен тағылымды тәлімгерді сағынғаны байқалып-ақ тұрады. Өмірге адам қаншалықты көндікті десе де, шәкірт жүрегі ешқашанда қимасын жадынан шығармақ емес.

Әшірбек Төребайұлының кенже шәкірті ән өнерінен де кенде емес. Домбыраны күмбірлете «Қарлығаш ұя салғандасын» (өз туындысы) әуелеткенде «Алла Тағалам осы бір пендесіне өнердің сан қырын дарытқанда неткен жомарт еді» демеске лажымыз қалмайды. Сол өнерді көпсінбей, дамыта жүргеніне тамсанамыз да қаламыз. Мирас бүгінде композиторлармен белсенді жұмыс жасап, әндерге сөз жазумен де шұғылданып жүр. Енбектерінің жемісін теледидардан көріп, радиодан тындағанда кеудемізді мақтаныштың оты кернейді.

Сауапты да алатын кенже бала, жауапты да беретін кенже бала. Осынау бір ғана жол сөзде қанша ой жатыр десеңізші. Мирас – қара шаңырақтың иесі. Ата-анасының көзінің ағы мен қарасы. Мен қиналғанда «Әкем жете алмаған биікке мен жетуім керек» деп өзімді қайраймын дегені есімнен кеткен емес. Осы бір ауыз сөзді ұғынып көріңізші. Қанша үміт, қанша жігер, қанша намыс жатыр...

Мирас Әбілұлы өз отбасында кенжесі болғанымен, өнерде ерке емес. Оның артынан ерген іні-қарындастары, арқасүйер аға-әпкелері жетерлік. Біріне еркелей алса, енді бірін еркелете алады. Соны біліп алған біздер «Мирас ағам» деп қиналғанда медеу, қорыққанда медеу таба аламыз. Ол біздің қанатын кенге жайып келе жатқан қыран құсымыз сияқты... бүршігін атып жатқан мәуелі бәйтерегіміз секілді... Оның келешекте шәкірттерін қанатының астына алған қыран құс, баршасын көлеңкесіне жиған алып бәйтерек болатынына сеніміміз мол.

Мирас – ағасы Олжас Қасымның ізін басып келе жатқан ақын. Өзіндік ерекшелігі бар жас дарын иесі. Өлең жолдарымен қағаз бетіне өрнек салады. Туындылары түрлі газет-журналдарда басылып, жинақ кітаптарға еніп жүр. Мен айналамдағыларға қарап, «Өнер, мәдениет, дайындал! Саған өзгеріс әкелетін жаңа буын келе жатыр. Сенде жақын арада дүмпу орын алады» – дегіміз келеді. Солардың алдыңғы легінде Мирастың аты тұратынына күмәніміз жок.

Қымбат ЕЛУБАЕВА,
«Театртану» бөлімінің 2 курс студенті

У каждого подлинного музыкального произведения есть идея



В 2016 году 70 летие отмечает Дюсекеев Кенес Дюсекеевич заслуженный деятель искусств Республики Казахстан, кавалер ордена Курмет, член Союза композиторов. С 2011 года работает в КазНУИ, является профессором кафедры «Композиции».

– **Кенес Дюсекеевич, что Вы считаете навсегда утраченным для молодого или среднего поколения композиторов и, наоборот, есть ли что-то новое, революционное в композиторской музыке сегодняшнего дня?**

– Насчет революционности я не знаю, просто каждый талантливый человек старается привнести что-то новое через свое творчество. Насчет утраченного я думаю мы немножко утратили композиторскую школу созданную Е.Г. Брусиловским в Казахстане. Я не скажу, что полностью утратили, но все-таки какие-то традиции утеряны. Даже когда мы были студентами кафедры Композиции в консерватории, наши произведения исполнялись ведущими коллективами и в самых больших залах Казахстана, даже на экзаменах наши студенческие произведения исполняли лучшие исполнители. После экзамена проходило обсуждение работ профессорско-преподавательским составом в присутствии студентов, шел разбор произведений, мы учились друг у друга и это была хорошая школа. Сейчас в стенах КазНУИ мы эту традицию возрождаем.

Не все в Советском Союзе было плохо, тогда существовали художественные советы, на это выделялись средства. И даже у нас студентов государство приобретало музыкальные произведения. А сейчас этого нет, даже профессиональные композиторы не имеют заказы и не могут продать свои произведения. Раньше, например, в Министерстве культуры был специальный отдел который занимался заказами, композитору заказывали за год вперед например симфонию, составлялся договор, 25 % предоплату производили сразу и остальные 75 % после выполнения заказа получали. И, обязательно, это произведение исполнялось на различных сценах страны. Сейчас композиторы работают, как могут, государственных заказов нет.

– **Что может вызвать у Вас желание написать произведение – какая-нибудь идея или картины природы? Бывает ли так, чтобы перед сочинением Вы придумывали какой-либо план, последовательность?**

– Вдохновение приходит через мысли, человек думает, какое-то впечатление у него есть и к нему приходит идея написать композицию. Например, мне пришла идея написать симфонию «Астана», посвященную нашей новой столице. Сперва мне пришла такая идея: обрисовывается бесконечная степь и в степи появляется город, это наша Астана, а в конце апофеоз. Главное: мысль, она должна созреть и потом рождается произведение, я не знаю, каким образом, но музыка рождается.

– **Поэзия, по-видимому, занимает особое место в Вашем творчестве, поскольку Ваши песни удивляют особой, неповторимой цельностью, живыми образами, яркой динамичностью и в то же время, большой теплотой. Значит ли это, что слово вызывает в Вас целую палитру ярких переживаний?**

– В моем представлении композитор это высокообразованный человек, он должен знать и

разбираться во всем мировом музыкальном искусстве, но должен также знать мировую литературу и мировую поэзию. Когда я пишу песни, у меня вначале рождается мелодия, а потом уже поэты пишут на мою мелодию стихи. Иногда до 10 вариантов текста я пропускаю через себя, но не всегда меня это устраивает, потому что идею и основную мысль подаю я, я знаю о чем должно быть написано, даже сколько слогов в строчке должно быть, все расписывается и потом поэт работает. Это конечно сложный процесс, но я думаю, что так должен работать композитор. У меня, например, в 90% песен, вначале пишется мелодия, а потом текст. Если символически песню сравнить с птицей, то у нее два крыла, одно музыка, а второе поэзия. А исполнитель птица, которая несет в массы готовую песню.

– **Всегда ли Вы согласны с интерпретацией Вашей музыки?**

– Я бы сказал, не совсем всегда. Я пока живой, конечно, я сам контролирую. Самое главное найти исполнителей, это тоже одно из великих искусств композиторского творчества. Я, например, в своем песенном творчестве ещё никогда не ошибался в выборе исполнителя. Когда я пишу песню я уже знаю какой исполнитель должен её петь, мне важны природные данные певца, диапазон, тембр, музыкальность, учитывая вышесказанное, композитор должен работать именно так, может я ошибаюсь, но это мое кредо. У меня никогда не было, чтобы я обращался к певцам, вот у меня есть песня может споете? Они сами приходят и спрашивают: есть песня? Я говорю, да есть, как раз для вас я написал. И мы работаем, смотрим. Все-таки ноты это условная запись, поэтому когда певец исполняет произведение композитора, получается другая трактовка, каждый исполнитель по своему доносит до слушателя готовое произведение.

Звонит как-то Роза Рымбаева и говорит: «Кенес аға, помогите, у нас не получается, тут оркестр не может сыграть ваше произведение «Салем саган туган ел» не получается что-то у них». Я приехал на репетицию, послушал, оказывается, дирижер штрихи не требует и музыканты штрихи не играют. Я им за пять минут объяснил, что это такое, и они тут же заиграли, если без штрихов игра, то получается размазня, характер у песни становится другим. Это элементарные вещи, который должен знать каждый музыкант. Меня всегда возмущает тот факт, когда музыкант сидит в оркестре и не играет штрихи, написанные композитором. Это непрофессионализм. У меня есть романс «Булак» (ручеек), и когда в правой руке идет изображение ручейка в первом такте, во втором такте я поставил знак репризы. Они первый такт играют, во втором такте в правой руке пауза. Я потом стал им объяснять, вы же музыканты, вы же должны знать, что реприза (знак) в музыке, повтор материала, почему вы не играете? А они говорят, мы думали это пауза. Вот это и говорит о образованности музыканта. Музыкант должен быть высокообразован, он должен быть профессионалом своего дела.

– **Как Вы думаете, должен ли композитор менять свой почерк или манеру письма, переходя к новому сочинению?**

– Я считаю, что композитор должен всегда находиться в поиске. Я, например, написал две песни, они как две вершины моего творчества «Салем саган туган ел» и «Баллада о домбре» они разные, в «Салем саган туган ел» использовано интонационное богатство казахского терме, использование этого богатства вылилось в слияние с современными эстрадными достижениями музыки. В «Балладе о домбре» использовано музыкальное богатство казахского кюя и соединено с джаз роком. А мог бы штамповать подобные вещи,

как делают некоторые. Я подумал, ладно я напишу 20-30 подобных вещей, но тогда я эти две любимые песни уничтожу. И я решил оставить эти песни как отличительные вещи в моем творчестве особняком, я же профессионал значит дальше искать надо? И я нашел для себя новую стезю, новые дороги для своего творчества. Однообразие убивает.

– **Кенес Дюсекеевич!** Классическую музыку запомнить можно, а вот сложную современную композицию музыканты зачастую исполняют по нотам. Как, в таком случае, ее запомнить слушателям?

– Творчество композитора должно опираться на народную мудрость, если это опирается на народную музыку, на фольклор, то тогда народ слушает и запоминает. Поэтому классику слушают, потому что там мысли ясные и все понятно. Сейчас конечно много модных, но порой непонятных произведений. К сожалению, запутанная мысль композитора отражается на музыке, из-за этого я думаю она не запоминается и не слушается широкой аудиторией.

– **Кто из казахских композиторов оказал влияние на Ваше творчество?**

– На меня сильнее влияние оказала в основном народная музыка, народные композиторы, халык жыры, фольклор казахского народа, терме. Я ведь начинал свое музыкальное творчество с игры на домбре, сам играю минимум 50 кюев, терме конечно тоже играю. Все это отображается на моем творчестве и это обогащает мою музыку. Когда я учился в консерватории я ездил в фольклорные экспедиции, это колоссальный опыт, это во-первых развивает внутренний слух, во-вторых осваиваешь интонационное разнообразие и богатство казахской музыки. М. И. Глинка сказал: «народ создает музыку, а мы, композиторы, только аранжируем её». Использовать богатство казахского фольклора это моя прерогатива, и самое главное искать, искать, искать.

– **Вы сочиняете за инструментом или пишете без него, а затем проверяете, как звучит произведение?**

– Еще на 2 курсе консерватории я понял одно, что сажусь за инструмент играю, играю, играю все время, идет импровизация одна за другой, а результата нет. Поэтому я себя приучил еще с юности, писать без инструмента, развивать свой внутренний слух. Все великие композиторы Бетховен, Чайковский и другие, писали за столом свои произведения. Сейчас я, конечно же, сочиняю за компьютером.

– **Какие из Ваших произведений Вы больше всего любите? Или Ваши произведения для Вас, как родные дети: Вы их всех любите, они все Вам одинаково дороги?**

– Действительно мои произведения как мои дети, я не могу сказать какое произведение больше люблю, какое меньше. Все они выстраданы сердцем, просто так ничего не появляется. Мой принцип с самого начала моего творчества был такой, я строго отношусь к своему творчеству, если мне не нравится я сразу рву ноты и выбрасываю, должен быть обязательно контроль, без контроля нельзя.

– **На самом деле, Вы уже ответили на все мои вопросы. Осталось лишь послесловие: Вы являетесь живой легендой, одним из последних представителей поколения советских композиторов, поскольку советская эпоха окончилась. И вы один из первых и выдающихся композиторов независимого Казахстана. Всегда кто-то из композиторов открывает эпоху и это начало должно быть мощным. Ваша музыка мощная, яркая и красивая. Спасибо большое, Кенес Дюсекеевич, за то, что Вы так много интересного рассказали!**

Беседовала: Сауле ШАЙМЕРДЕНОВА

Жаппылы мол кездесу

Ес-Аймақтың кезекті қонағы – эпикалық өнердің насихаттаушысы, «Парасат» орденінің иегері, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, жырау Алмас Алматов.

Кездесуге келген барлық қонақтарымыздан біз әрдайым өмір жолын, шығармашылық белестерін біліп қалуға көңіл бөлуші едік. Ал бүгінгі Алмас ағаның кафедрадағы «мен» деген өнерлі шәкірттерін алып келгеніне қарап, іштей риза боп қалдық. Себебі, жырау бір сөзінде: «Мен жайлы ғаламтордан видеоматериалды қарап та біле аларсыздар, бүгін шәкірттерімді алып келін отырмын» – деп, қазіргі күнгі жыр өнерінің қалай дамып жатқандығы хақында, бүгінгі бет алысы жөнінде әңгіме өрбітті. «Өнердің адамы өнерге бір күнде келмейді және бір күнге келмейді», – деп бастады жырау өз сөзін. Әрбір өнер жолына түскен адамның жолында талай қиындықтар кездесетінін, аяғына дейін барынды салып, соларға төтеп беру керекігін отырған жастарға қадап айтты. Көрермендердің қойған сауалдарына тұщымды жауаптар естідік.



Алмас аға тек атақты жырау ғана емес, мықты педагог екеніне көзіміз жетті. Қазақтың ұлттық өнері жыр, айтыстың тізгінін ұстаған дарынды шәкірттерін жырау өзі таныстырып отырды. Биыл ғана қабылданған I курс студентінен бастап, магистратураның II курс студенттеріне дейін түгел жиналыпты. Әр өнерпаз сахнада әлқиссасымен бірге жырдан үзінді айтты. Қазіргі күні мәтін ретінде қалған «Едіге» жырын болашақ жыршы Ақерке Дабылова ғылыми жұмысына алғанын білдік. Бүгінгі күні танылып жүрген жас айтыскерлер Керімбек Аруна мен Ысқақ Дәуреннің айтысын тамашаладық.

«Өнер – мәңгіліктің өзегі», – дейді жырау. Ұлттық өнерімізді сонау шетел асып, бүкіл әлемге танытып жүрген Алмас Алмастов өзінің сапарларындағы қызықтарымен бөлісті. Сонымен қатар, елімізде өтіп жүрген түрлі жыр додалары турасында айтты. Сондағы бір ерекше ойда қалып, таңдай қақтырғаны – Қызылорда қаласында өткен жыр сайысындағы екі көзінен бірдей айырылған Дүйсенғазы Нығметжанов атты жыраудың «Шахнама» дастанының кез келген жерінен айтып бергені еді. Жастар таңдап алып жатқанда, қаншама дастан білетін, түгелдей «Шахнаманы» жатқа соғып тұрған өнерпаздың талантына таңданбасқа лажыңыз жоқ.

Сонымен қатар, Алмас аға 40 мың жолдық «Шахнаманы» 68 сағат жырлағанын айтқанда осынау жыр өнерінің құдіретіне тамсандық. Сонда «Қазіргі күні жыр жоқ» деп далбасалап жүргендерге жырау: «Жырды айтар, оны сақтап, кейінгі ұрпаққа үйретіп жатқан біздер бар да, өнерді жаң-төнімен түсінетін халық бар да оны қалай жоқ деуге болады?» – деген еді. Алмас аға: «Жырау болу үшін қорында 500 мың жолға дейін жыр жаттау керек», – дейді. Осынау жыр мамандығының қыр-сырын айтып, бүгінгі күнгі нотаға түсірген жырлар жайлы, кітаптар мен дискке жазылған жырлар турасында сөйледі.

Қызықты, берері мол кездесуден отырған ұстаздар мен студенттердің көңілі толып қайтты. Кездесу сонында Ес-Аймақ мәдени-танымдық бірлестігі атынан Алмас Алматовқа Әшірбек Сығайдың «Жансарай» бағдарламасында өзі қатысқан жүздесуі табыс етілді.



Ләззат АЛПЫСБАЕВА,
«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

Шәмшiнiң ақырғы күндерi қасыннан табылып, серiк болып, Шәмшi Қалдаяқовтың күнделiктi сөздерiң, әрекеттерiң жазыпты. «Өн падишасының» шынайы мiнезiң, қанатты немесе күлдiрмеске қоймайтын сөздерiң, аянышты халiң, ауыр тағдырың баяндапты. Қызығып, берiлiң, сүйсiнiң оқып жатқаным. Сарғыш тартып, бiршама көнерген, исi аңқыған кiтаптан қазiр оқып жеткен «25-шi беттен» бiр үзiндi келтiре кетейiң еңдеше:

«– Мен сeңдерге бiр рет қалай жоғалып табылғанымды айтайың, – дедi Шәмшi. – Шымкентке қарай шыққанымды бiлемiң. Жолаяқ бар, вагон – ресторан бар дегендей, әйтеуiр, мың қой айдағаным есiмде. Бiр уақытта көзiмдi ашсам, бiр дәу милитса жiгiт маған төнiп тұр.

– Кiмсiң? – дейдi маған ежiрейiң.

– Шәмшiмiң.

– Қай Шәмшi?

– Шәмшi бiреу-ақ: Қалдаяқов Шәмшi.

– Ой, Шәмшi болғаныңның енесiн ұрайың? Мына жүрiсiң не? Қалтаңда не документiң жоқ, не көк тиың ақшаң жоқ. Еңце Шәмшiмiң дейдi сволочь!

– Әнеу күнiде осы жерде екi Шәмшi жүрген. Документi жоқ болса, апар да қама! Қашан анықталғанша, жатсын абақтыда, – дедi екiншiсi.

Мұны естiп иманым ұшты. Бұлар менi адам деп тұрған жоқ. Қит етсем сабайтын түрлерi бар. Жәнiбековке звондандар. Мә, телефоны! – дедiм мен.

– Жәнiбековiң кiм?

– Жәнiбековтi бiлмейтiң кiмсiңдер сeңдер? Ол комсомолдың хатшысы. Звондандар.

Аналар сөл аңтарылып тұрды да, «Ой, мынаның шiренуi жаман, Шәмшi болса болар» деген болу керек, сол сәтте Алматыға телефон шалды. Өзекең орнында екен, бiр нәрселердi айтып едi, аналар: «Есть!Есть!» – десiп қалды. Сонан соң: «Ой, сeң шын Шәмшi екенсiң ғой!»

– десiң, қайта келiң қолымды алды.

– Бұл қай жер? – дедiм мен.

– Түлкiбас. Бiзге Жәнiбеков «Алматыға шығарып салыңдар!» дедi. Келесi пойызбен, күдай қаласа, қайырамыз. Оған дейiң дем ал

– Басым сылқылдап әкетiп барады. Неғылған демалыс?

– Ой оның жарасы жеңiл. Жүр ресторанға!, – Милитсалардың бiреуi стансадағы ресторанға ертiп барып едi. Түлкiбастың халқы милитсалардай емес, пысық екен, менi тани кеттi. Әлгi милиционер «қазiр келем» деп кетiң қалғанын бiлетiңмiң. Онан кейiңгiсi есiмде жоқ. Бiр уақытта бiреудiң түйгiштегенiн оянып кетсем, тағы бiр милитса ежiрейiп төнiп тұр.

– Ой еңдi ұрайыңдар! Ең болмаса қайда ертiп кеткендерiңдi айтпайсыңдар ма? Екi күн болды әрең таптық! – деп милитсалар боқтап жүр.

– Түр киiң! Келесi пойызбен отправить қыламыз. Жәнiбеков өлтiрiп барады, – дедi маған.

Үй иелерi «өзiмiз шығарып саламыз ғой» – деп едi, милитсалар көнген жоқ.

– Жоқ, болмайды! – дедi олар. – Өз қолымызбен мiңгiземiз. Пиджагы бiзде қалып қойыпты. Мұның өзiң емес, пиджагын қарауылдап ит болдық. Шын сыйлағыш болсаңдар жол аяғың қалтасына салып берiңдер. Бiзде отырып-ақ iшедi...

Аналар оған әрең көндi. Сөйтiп, стансаға келсем, пиджагым аман екен. Үш жоғалып, үш табылған серiгiмдi «қайтып келген малдың қайыры бар» деп киiп алдым.

– Мілитсалар шығарып салды ма сонан соң? – дедік біз Шәмшінің қалай қайтқанын білгіміз кеп.

– Өй, шығарып салу қайда? – деді Шәмші. Мені оңаша бөлме тауып, соған әкеп отырғызды да, өздері кезек-кезек келіп тұрды. Ой іштік-ау түбін түсіріп. Өленді де соқтық!... Мілитсалардың жылағанын сонда көрдім. «Арыс жағасындағыны» айтады да, құшақтасып тұрып жылайды. «Өлгенде көрген бір жылас болды» деп, беті-көздерін қайта-қайта жуады. Қойшы, не керек, үшінші күні зорға дегенде пойызға мінгізді. Тағы да жылап айырылыстық. Мен содан бастап екі нәрседен әрі өлердей қорқатын, әрі шексіз құрметтейтін болдым. Біреуі – мілитсалар, екіншісі Жәнібеков».

Елдің еркесі, сонда да заманында теперішті көп көрген Қалдаяқовтың өміріне байыпты зер салудамын. Тың, естімеген, елң еткізер естелікке қанықтырып жатқан жазушы марқұм – Оразбек Бодықов.

Ал, мен келесі «26-шы бетті» ашып оқи берейін..

Әсет АҚМОЛДА,
«Театртану» мамандығының I курс студенті

Домбыра әні

Сөзі: Қуат Ежембек
Әні: Кәкім Ердібайтегі

Аманаты бабалардың – домбыра,
Ән қанаты кең даламның – домбыра.
Әуенімен тамсандырған – домбыра,
Таңнан таңға ән салдырған – домбыра.

Шанағынан сыр ақтарған – домбыра,
Қазағымды жырлап жатқан – домбыра.
Нәзік күйге тұнып тұрған – домбыра,
Нәр алғандай тұнық нұрдан – домбыра.

Қайырмасы:

Інкәрлікке, інкәрлікке дәйім ұмтылған,
Сен дегенде, сен дегенде әсем жыр туған.
Толғандырып, ойландырып, тербеп тағы келесін,
Домбыра мен қазақ егіз, қазақ егіз бір туған.

Көңілімнің қылын шерткен – домбыра,
Жүрегіме үнің жеткен – домбыра.
Ұлы елім күмбірлеткен – домбыра,
Әр таңыма үміт сепкен – домбыра.

Көңілді, жүрдек

А-ма-на-ты ба-ба-лар-дың – дом бы - ра, ән қанаты кең да лам -
ның – дом - бы - ра. Ің-кәр-лік-ке, ің-кәр-лік-ке дәй-ім ұм-тыл - ған,
Сен де-ген-де, сен де-ген-де әс-ем ән ту - ған. Тол-ған-ды-рып, ой-лан-ды-рып,
тер-беп та-ғы ке-ле- сін, Дом-бы-ра мен қа-зақ е-гіз, қа-зақ е-гіз бір ту - ған.



ZERGER



Ахат АЗТАЙ,
«Мүсін» мамандығының
5 курс студенті





Астана қаласы әкімдігінің «Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры» МҚКК



АҚТАН АЙЫНЫҢ РЕПЕРТУАРЫ 2016 ЖЫЛ

2 АҚТАН сәуірде 18:30	«КӨЛЕНКЕСІЗ ЖОЛАУШЫ» /драма/ Автор: Р.Сұлтан Рахметтің и. Аққулы
3 АҚТАН сәуірде 18:30	«ТЫРАУЛАП УШҚАН ТЫРНАЛДАР» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
4 АҚТАН сәуірде 18:30	«ҚАРАШ-ҚАРАШ» /комедия-драма/ Автор: Ш. Әбдіқали Рахметтің и. Бұлдыр
5 АҚТАН сәуірде 18:30	ПРЕМЬЕРА! «ЖҰТ» /драма/ Автор: О.Жанайдаров Рахметтің и. Аққулы
6 АҚТАН сәуірде 18:30	«АНА-ЖЕР АНА» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
7 АҚТАН сәуірде 18:30	«ҮЙЛЕНУ» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
9 АҚТАН сәуірде 18:30	«МУКАРАЛИ» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
10 АҚТАН сәуірде 18:30	«СӘКЕН-СҢҚАР» /опера-драма/ Автор: С.Қас Рахметтің и. Бұлдыр
11 АҚТАН сәуірде 18:30	«ТІЛ ТАБЫСҚАНДАР» /комедия/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
12 АҚТАН сәуірде 18:30	«ТАМЛЕТ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
13 АҚТАН сәуірде 18:30	«ЖҰБАЙЛАР ЖҰМАБАРЫ» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
14 АҚТАН сәуірде 18:30	«ЕН ЖАҚСЫ ЕРКЕК» /комедия/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
16 АҚТАН сәуірде 18:30	«ТЫРАУЛАП УШҚАН ТЫРНАЛДАР» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
17 АҚТАН сәуірде 18:30	«ҚЫМБАТТЫ ПАМЕЛДА» /комедия/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
18 АҚТАН сәуірде 18:30	«КҮН СӘУЛЕСІ ТҮСПЕГЕН» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
19 АҚТАН сәуірде 18:30	«АМАРДЖОБА» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
20 АҚТАН сәуірде 18:30	«СЕН ҮШІН» /комедия/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
21 АҚТАН сәуірде 18:30	«АБАЙ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
22 АҚТАН сәуірде 18:30	«БІР КЕМ ДҮНИЕ» /драма/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
23 АҚТАН сәуірде 18:30	«КЕШ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
24 АҚТАН сәуірде 18:30	«ЖҰТ» /драма/ Автор: О.Жанайдаров Рахметтің и. Аққулы
25 АҚТАН сәуірде 18:30	«ЖҰЛЫН ЖҰТҚАН ЖАННА ДАРҚ» /драма/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
26 АҚТАН сәуірде 18:30	«АБЫЛАЙ ХАНЫҢ АРМАНЫ» /опера-драма/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
27 АҚТАН сәуірде 18:30	«ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ» /комедия/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
28 АҚТАН сәуірде 18:30	

АҚТАН АЙЫНЫҢ БАЛЛАДАРҒА АРНАЛҒАН РЕПЕРТУАРЫ 2016 ЖЫЛ

3 АҚТАН сәуірде 11:30	«БРАЗИЛИЯ БАЙЛЫҒЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
4 АҚТАН сәуірде 11:30	«АЛТЫН АДАМ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
10 АҚТАН сәуірде 11:30	«АЛДАРДЫҢ АЙЛАСЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
11 АҚТАН сәуірде 11:30	«БРАЗИЛИЯ БАЙЛЫҒЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
17 АҚТАН сәуірде 11:30	«АЛТЫН АДАМ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
18 АҚТАН сәуірде 11:30	«АЛДАРДЫҢ АЙЛАСЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
24 АҚТАН сәуірде 11:30	«БРАЗИЛИЯ БАЙЛЫҒЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
25 АҚТАН сәуірде 11:30	«АЛДАРДЫҢ АЙЛАСЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара

Театр әкімшілігі қолақсыз жағдайлар орын алғанда, қойылымдарды ауыстыруға құқылы!

АНЫҚТАМА ТЕЛ.: 32 36 24

факс: 8 7172 32 35 12, e-mail: katzteatr@mail.ru, www.katzteatr.kz



Астана қаласы әкімдігінің «Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры» МҚКК



www.katzteatr.kz

Katzteatr.kz

[Katzteatr](https://www.facebook.com/katzteatr)

[Katzteatr](https://www.youtube.com/katzteatr)

[kazteatr](https://www.kazteatr.kz)

НАУРЫЗ АЙЫНЫҢ РЕПЕРТУАРЫ 2016 ЖЫЛ

5 НАУРЫЗ сәуірде 18:30	«ТІЛ ТАБЫСҚАНДАР» /комедия/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
11 НАУРЫЗ март 18:30	ПРЕМЬЕРА! «АККУДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ...» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
12 НАУРЫЗ сәуірде 18:30	«АЛДАРДЫҢ АЙЛАСЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
13 НАУРЫЗ март 11:30	«АЛДАРДЫҢ АЙЛАСЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
15 НАУРЫЗ сәуірде 15:00	«АЛДАРДЫҢ АЙЛАСЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
16 НАУРЫЗ сәуірде 11:30	«АЛДАРДЫҢ АЙЛАСЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
16 НАУРЫЗ сәуірде 18:30	«БІР КЕМ ДҮНИЕ» /драма/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
17 НАУРЫЗ сәуірде 11:30	«АЛДАРДЫҢ АЙЛАСЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
17 НАУРЫЗ сәуірде 14:00	«АЛДАРДЫҢ АЙЛАСЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
18 НАУРЫЗ март 11:30	«АЛДАРДЫҢ АЙЛАСЫ» /опера/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
22 НАУРЫЗ сәуірде 18:30	«СЕН ҮШІН» /комедия/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
23 НАУРЫЗ сәуірде 18:30	«ЖҰТ» /драма/ Автор: О.Жанайдаров Рахметтің и. Аққулы
24 НАУРЫЗ сәуірде 18:30	ПРЕМЬЕРА! «АККУДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ...» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
25 НАУРЫЗ март 18:30	ПРЕМЬЕРА! «АККУДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ...» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
27 НАУРЫЗ сәуірде 18:30	КАМЕРАЛЫҚ ОРКЕСТРДІҢ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТІ /Дир.: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
30 НАУРЫЗ сәуірде 18:30	«ҚЫЗЫЛ АЛМА» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара
31 НАУРЫЗ сәуірде 18:30	«ҚЫЗЫЛ АЛМА» /опера-балет/ Автор: Ш.Қас Рахметтің и. Динара

www.biletbar.kz www.besmat.kz/astana/ www.ticketon.kz

касса.: 32-36-24, факс: 8 (7172) 32-35-12

e-mail: katzteatr@mail.ru

Театр әкімшілігі қолақсыз жағдайлар орын алғанда, қойылымдарды ауыстыруға құқылы!





ZERGER



Астана 2016 жыл